

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ НЕГІЗІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Жұман Жәния Ұбайдуллақызы

Zhaniya0597@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультеті, Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының магистранты, Нұр-Сұлтан қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – М.П.Асылбекова

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңнамасына сәйкес: «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – ұлттық, рухани және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практикалық жетістіктері арқылы жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік дейгейінің көтерілуіне бағытталған сапалы білім беру үшін қажетті жағдай жасау; жеке тұлғаның шығармашылық ізденісін, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау негізінде ой-өрісін байыту», – деп көрсетілген [1]. Аталған міндеттерді іске асыру үшін ең алдымен оқытудың жаңа технологияларын енгізу және тиімді пайдалану сияқты мәселелерді анықтап алу, білім беру үдерісіндегі ең басты қағида ретінде әркімнің білім алуға деген жеке мүмкіндігін қоғамда барынша тиімді пайдалануға көмектесетін оқыту үдерісін дамытуды қамтамасыз етуді көздейді.

Оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін дамыту бойынша мектепте атқарылатын жұмыстар тұлғалық-іс-әрекеттік және диалогтық тәсілдемелерге бағдарланған. Тұлғалық-іс-әрекеттік тәсілдеме әлеуметтік контекстінде тұлғаның білімді өзі жинақтау қажеттігімен сипатталады. Аталмыш тәсілдемені жасөспірімдердің әлеуметтік-мәдени құзіреттігін дамыту жұмыстарында жүзеге асыру үшін:

- а) түрлі жағдайлар бойынша баланың өз ұстанымы болуын әдетке айналдыру;
- б) баланы таңдау жағдайына қою;
- в) әлеуметтік қызметте жасөспірімдердің тұлғалық маңызына назар аудару;
- г) жасөспірімнің жастық жетілу ерекшеліктеріне бағдарлану керек [2].

Психологиялық-педагогикалық зерттеулерге жасалған талдаудан білім беру үдерісінде әлеуметтік-мәдени құзіреттілікті дамытудың бірнеше міндетін анықтаған:

– оқу үдерісінде серіктестік және өзара құрмет жағдайын туғызу үшін топтық жұмысты ұйымдастыру;

- құрдастарымен немесе ересектермен араласу нормаларын игеру үшін алуан түрлі рольдерді қолдану мүмкіндігін беру;
- саналы таңдау тәжірибесін жинақтау үшін тапсырмаларды жүйелі түрде ұсыну;
- бұл икемді өзін-өзі тану механизмі секілді меңгеру үшін міндетті түрде рефлексияның алуан түрін жүргізу [3].

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді арнайы ұйымдастырылған үдерісте тек сабақтан тыс уақытта ғана емес, сабақ барысында да шешуге болады.

Біз жасөспірімдердің әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін дамыту мәселелерін тиімді шешетін екі педагогикалық технологияға тоқталамыз. Бұлар – топтық және ойын технологиялары.

Әрқайсысына толығырақ тоқталып көрейік.

1. Топтық технологиялар.

Топтық жұмыстар мен ондағы оқушылардың өзара әрекеттесуі оқушының әлеуметтік-мәдени құзіреттілігі мен көшбасшылық қабілеттерін дамытудың, топтағы өз мақсаттарын жүзеге асырудың тиімді әдісіне жатады. Бірлескен қызмет оқушыларда әлеуметтік өзара әрекеттесуге қажетті машықтарды, ұжымдық тәртіпке бағына білуді, өз құқықтарын қорғай алу қабілетін, жеке бас мүдделері мен қоғамдық мүдде арақатынасын белгілеу дағдысын қалыптастырады.

Әлеуметтік-мәдени құзіреттіліктің қалыптасуы айналадағы адамдармен араласусыз, олардың көмегінсіз мүмкін емес. Психологиялық-педагогикалық зерттеулерге сәйкес, оқу әріптестігі оқушы тұлғасын психикалық дамытуда алдыңғы орында орналасқан. Оқу әріптестігінің түрлі формалары ішінде құрдастармен топтық жұмыс оқушы мен мұғалімнің оқу мотивациясы, белсенділігі бойынша, олардың қарым-қатынасы мен өзара байланысын түрлендіріп, байытуда ерекше орын алады.

Топтық жұмыс ретінде оқушылардың кішігірім топтардағы өзара әрекеттесуі түсініледі, мұндай топтарда олар өздігінше немесе мұғалімнің көмегімен қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу нормаларын бекітіп, жұмыс бағытын анықтап, ортақ міндетті шешуге арналған құралдарды таңдайды. Мұның артында басқа адамның ұстанымын көре білу, оны бағалау, қабылдап-қабылдамау, келісу не келіспеу тұр, мұндағы ең бастысы – адамның өз көзқарасының болуы, оны басқасынан ажырату, қорғай білу.

Психологиялық-педагогикалық зерттеулер кіші оқу топтарындағы әріптестік құрылатын бес негізгі шартты анықтауға мүмкіндік берді:

1. Оқушыларды топтық оқу қызметіне қатыстырудың бірінші шарты – топ мүшелері арасында өзара жағымды байланыс орнату;
2. Негізгі шартқа оқу нәтижесіне жеке үлесін қосу қажеттігі жатады;
3. Негізгі шартқа интеллектуалды, эмоционалды-тұлғалық тұрғыдағы оқу міндеттерін шешу үдерісінде өзара көмек көрсетуге бағытталған, оқушылардың тікелей өзара әрекеттестігін оңтайландыру жатады;
4. Топтық жұмыстың нәтижелілігінің төртінші міндетті шарты – жақсы дамыған әлеуметтік икемдер мен машықтардың болуы;
5. Соңғы шарт топтық үдеріс рефлексиясының қажеттігімен, яғни, топтық оқу жұмысында орын алған оқиғаларды бағалау мен талдау үдерісімен байланысты [4].

Топтық технологиялардың ерекшеліктері:

- өздігінше немесе мұғалімнің көмегімен кішігірім топтардағы қатынас пен өзара әрекеттесу нормаларын орнатады, жұмыс бағыты таңдалып, ортақ міндетті шешу құралдары анықталады;
- басқа адамның ұстанымын көру, бағалау, қабылдау/қабылдамау, келісу/келіспеу, өз пікірінің болуы, оны басқадан ажырату, сол пікірді ұстану икемдігі қалыптасады;
- өзін еркін сезіну мүмкіндігі, жеке қарқынмен жұмыс жасау мүмкіндігі;
- тек өз жетістіктері ғана емес, ұжымдық еңбек нәтижелеріне жауапкершілік;
- тұлғаның өзін-өзі, өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін адекватты түрде бағалауы қалыптасады.

Жасөспірімдердің әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін дамытуға бағытталған жұмыстың тиімді болуы үшін пән мұғалімдері мен сынып жетекшілердің сабақ пен сабақтан тыс қызметінде арнайы журнал жүргізуіне болады.

Сауалнамалар және журналдармен жұмыс, біздің ойымызша, жасөспірімдердің әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін дамытуға арналған мақсатты, жүйелі әрекеттерге себептесетін болады, мұғалімдерге өз әріптестерінің дайын зерттемелерін пайдалануға мүмкіндік береді, педагогтарға оқушылардың әлеуметтік-мәдени құзіреттілігін дамытумен байланысты мәселелерді анықтауына және олармен жұмыс жасауда қажетті түзетулер енгізуіне себептеседі.

Білім беру үдерісіндегі топтық жұмыс әлеуметтік пісіп жетілуге максималды әрекеттеседі, жаңа әлеуметтік рольдерді меңгеру мүмкіндіктерін кеңейтеді. Арнайы ұйымдастырылған топтық оқу қызметі әлеуметтік-мәдени құзіреттілікті дамытуға жағдай жасайды, ашып айтсақ, жауапкершілік, өзін-өзі реттеу, өзін-өзі адекватты бағалау, оқудың позитивті мотивациясы мен әріптеске қатысты эмпатия, қатынас құралдары мен конструктивті өзара әрекеттесу машықтарын пайдалана білу секілді көрсеткіштерді дамытады[4, 56 б.].

2. Ойын технологиялары.

Ойын технологияларының артықшылықтары:

- топ мүшелері арасында жағымды өзара байланыс орнату; практикалық қызметке қажетті нақты бір ікемдер мен машықтарды қалыптастыру;
- оқу нәтижесінде жеке үлестің қажеттігі;
- оқушылардың тікелей өзара әрекеттесуі, интеллектуалды, эмоционалды-тұлғалық тұрғыда өзара көмек көрсету;
- жетілген коммуникативті машықтардың бар болуы.

Іскерлік ойын феноменінің мәні жалпылама түрде психологиялық сөздіктерде берілген, мысалы, солардың бірінде: «Іскерлік ойын – кәсіби қызметтің заттық және әлеуметтік мазмұнын қайта құру, практиканың осы түріне тән қарым-қатынас жүйелерін модельдеу формасы» деп анықталған. Бұл анықтамаға кәсіби қызметтік алуан түрлі шарттарды модельдеу адам белсенділігі мен әлеуметтік өзара әрекеттесу аспектілерінің құралы бола отырып, іскерлік ойын «оны орындаудың жаңа тәсілдерін іздеу әдісі», «оқу пәнінің абстрактілі сипаты мен кәсіби қызметтік шынайы сипаты арасындағы қарама-қайшылықтарды шешетін тиімді оқыту әдісі» ретінде алға шығатынын қосуға болады. Іскерлік ойынның білім беру қызметі өте маңызды, себебі, «іскерлік ойын болашақ кәсіби қызметті оқытуда пәндік және әлеуметтік байланыстарды қосуға мүмкіндік береді, сол арқылы құзіреттілікті қалыптастырудың, дәстүрлі оқытумен салыстырғанда, адекватты шарттарын модельдейді». Мұнда әркім өз рөлі мен қызметіне сәйкес өзіне тапсырылған міндетті шешеді. Іскерлік ойындағы қарым-қатынас білімді бірлесіп игеру үдерісіндегі жай ғана қарым-қатынас емес, ол бірінші кезекте – нақты зерттелуші қызмет үдерісіндегі адамдардың байланысын көрсететін қарым-қатынас. Іскерлік ойын тек бірлескен оқу не әлеуметтік-мәдени құзіреттіліктерді дамытудың тиімді формасы ғана емес, іскерлік ойын – тұлғадағы аталған құзіреттіліктердің даму деңгейін тиімді бағалауға жағдай туғызатын шарт. Бүгінгі күні ғылыми әдебиетте іскерлік ойындардың көптеген типологиясы мен классификациясы бар. Олардың кейбіріне мысалдар келтірейік[5].

Ойында адамдық практиканың қай түрі қайта жасалатындығы және қатысушылардың мақсаты қандай екендігіне байланысты оқу, зерттеу, басқару, аттестациялық іскерлік ойындар ажыратылады. Аталмыш типология іскерлік ойынға әлеуметтік қызметтің ауқымды контекстін «кіргізетінін» атаған жөн, сол арқылы оның мүмкіндіктері тек оқыту әдісі ғана емес, сонымен бірге, бағалау, зерттеу, басқару әдістері ретінде анықталады. Негізінде тәжірибе түрі мен мақсат критерийлері көрсетілген типологиядан бөлек, зерттеушілер өткізу уақыты, нәтиже, әдіснама және т.б. секілді критерийлерді атап көрсетеді. Мәселен, Л.В. Ежованың іскерлік ойындар классификациясы:

1. Өткізу уақыты бойынша:

- уақыты шектеусіз;
- уақыты шектеулі;
- шынайы уақытта өткізілетін ойындар;
- уақыты қысылған ойындар.

2. Қызметті бағалау бойынша:

- ойыншы топта қызметін баллдық бағалау;
- кім қалай жұмыс істегенін бағалау деген жоқ.

3. Соңғы нәтиже бойынша:

- қатаң ойындар, яғни, жауап алдын-ала белгілі болады (мысалы, желілік график), қатаң ережелер болады;
- еркін, ашық ойындар – алдын-ала белгілі жауап жоқ, әр ойынның өз ережесі болады, қатысушылар құрылымданбаған міндетті шешуге жұмыс жасайды.

4. Түпкі мақсаты бойынша:

- оқытатын, яғни, қатысушыларда жаңа білімдердің пайда болуы мен машықтарын бекітуге бағытталады;
- белгілейтін – кәсіби шеберлік жарыстары;
- іздеу – мәселені тауып, оны шешу жолдарын іздеуге бағдарланған.

5. Өткізу әдіснамасы бойынша:

- Шұңқыршалық ойындар – кез келген үстел ойыны (шахмат, «Көл», «Монополия»).

Ойын арнайы ұйымдастырылған алапта өткізіледі, ережелері қатаң, нәтижелер бланкіге толтырылады;

- Рольдік ойындар – кез келген қатысушының нақты бір тапсырмасы не тапсырмаға сай орындауға тиіс ролі бар.

• Топтық талқылаулар топтық жұмыста кеңестерді өткізу машықтарды игеру жұмыстарымен байланысты. Қатысушылардың жеке тапсырмалары бар, талқылауды жүргізудің арнайы ережелері бар (мысалы, «Координациялық Кеңес», «Кеме апаты» ойындары);

• Еліктеуші ойындардың мақсаты – қатысушыларда белгілі бір жағдайларда қалай әрекет еткен дұрыс деген ойды қалыптастыру («Цехаралық басқару» ӨДБ (ПДО) мамандарын оқытуда, «Өткізу» – сату бойынша менеджерлер үшін және т.б.);

• Ұйымдастырушылық-қызметтік ойындар (Г.П. Щедровицкий) – қатаң ережелер жоқ, қатысушыларда роль жоқ, ойындар пәнаралық мәселелерді шешуге бағытталған. Қатысушылар жұмысын жандандыру тұлғаға қатты қысым көрсету арқылы жүзеге асады;

• Инновациялық ойындар (В.С. Дудченко) – қатысушылардың инновациялық ойлауын қалыптастырады, әрекеттердің дәстүрлі жүйесінде инновациялық идеяларды ұсынады, шынайы, қалайтын, идеалды жағдайлар моделін жасайды. Оған өзін-өзі ұйымдастыру бойынша тренингтер кіреді.

• Ансамбльдік ойындар (Ю.Д. Красовский) – қатысушылардың басқарушылық ойын қалыптастырады, қызмет басшыларынан тұратын топтардың іскерлік әріптестік серіктестігін ұйымдастыру әдісі арқылы кәсіпорынның нақты мәселелерін шешуге бағытталған [67].

Жоғарыдағыларға сүйене отырып, ойындар мен олардың нәтижелілігінің көптүрлілігіне көз жетеді. Сонымен бірге, ойын бір ғана сипатталған критерийге сай келмейтіндігін, оның полифункционалды екендігін және сценарийге байланысты ауқымды спектрді қарастыра алатындығын түсінеміз.

Осылайша, іскерлік ойын әлеуметтік және маңызды күзінеттіліктерді дамытудың тиімді құралына жатады, сонымен қатар, ол өзін-өзі кәсіптік анықтау қызметін атқара отырып, оқушылардың қарым-қатынасын дамытудағы күшті құрал саналады [5. 58-59 б].

Қорыта келе, мынаған тоқталып кеткім келеді: мектептегі білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқу-тәрбиелік үрдісті ұйымдастыруға жаңа көзқарас мәселесі қазіргі күн талабына сәйкес білім беру жүйесін жаңарту мен жетілдірудің аса маңызды кезеңінде үлкен мән беріліп отырған, көкейтесті тақырып деп есептеймін. Оқушыларды заман талабына

сай жаңа технологиялар арқылы жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімдеу жүйесі үздіксіз жүріп отыратын болса, білім беру сапасының артатыны сөзсіз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – Егемен Қазақстан. – 2014. – 18 қаңтар.
2. Артюхова Т. П., Барышников Е. Н., Жукова Н. А., Шавринова Е. Н. Воспитательный потенциал внеурочной деятельности в начальной школе: модели и методы. - СПб.: СПб АППО, 2011. - 108 с.
3. Григорьев Д. В., Степанов П. В. Внеурочная деятельность школьников. Методический конструктор: пособие для учителей. - М.: Просвещение, 2011.
4. Григорьев Д. В., Куприянов Б. В. Программы внеурочной деятельности. Художественное творчество. Социальное творчество. - М.: Просвещение, 2011.
5. Горский В. А. Примерные программы внеурочной деятельности. Начальной и основное образование. - 3-е изд. - М.: Просвещение, 2013.